



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Бесспорным плюсом разрешения дела ex aequo et bono является то, что уделяется должное внимание не только юридическим правам и обязанностям сторон, а также существенным интересам, не закрепленным в качестве прав.

Таким образом, разрешение спора ex aequo et bono является отражением обычного международного права. Принцип позволяет смягчить нормы права и вынести справедливое решение для конкретного спора. К тому же, принцип восполняет пробелы в международном праве, толкуя его принципы и нормы. Однако в любом случае решение остается соответствующим общепризнанным нормам международного права.

Список использованных источников

- 1 Leon Trakman // Ex Aequo et Bono: De-mystifying An Ancient Concept // University of New South Wales Faculty of Law Research Series, 2007, <<http://law.bepress.com/cgi/viewcontent.cgi?article=1041&context=unswwps-flrps>>
- 2 Справочник по практике Совета Безопасности, <http://www.un.org/ru/sc/repertoire/subsidiary_organs/sanctions_and_other_committees.shtml>
- 3 Статут Постоянной Палаты Международного Правосудия, 16 декабря 1920, <http://www.worldcourts.com/pcij/eng/documents/1920.12.16_statute.htm#_Toc160729737>
- 4 Типовой закон ЮНСИТРАЛ о международном торговом арбитраже, 1985 год, <http://www.uncitral.org/pdf/russian/texts/arbitration/ml-arb/07-87000_Ebook.pdf>
- 5 Международный центр по урегулированию инвестиционных споров, <<http://icsid.worldbank.org/ICSID/FrontServlet>>

ӘӨЖ 349.42 (063)

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНДЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН РЕТТЕУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Мусабекова Ақерке Жумабайқызы

kerimakerke@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент С.Н. Сәрсенова

Аталған мақала «ДСҰ-на кіру және Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасу жағдайында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың құқықтық аспектілері» атты ҚР БҒМ-нің 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми зерттеулер жүргізуге бөлінген гранттың шеңберінде дайындалды.

Қазіргі кезде экономиканың даму сатысында еңбек нарығын тек республика және бөлек аймақтар бойынша ғана емес, сонымен қатар экономиканың салалары бойынша жетілдіру қажет. Әрбір сала бойынша еңбек нарығын қалыптастыру, жұмыспен қамту және жұмыссыздық проблемаларын шешудің өзіндік жолдары мен басым бағыттарын айқындау маңызды болып барады. Демек, ауылшаруашылығы саласында аталған проблемаларды шешудің қағидалары жалпы республика үшін, және оның аймақтары үшін де ортақ болып табылады. Бұл республикамыздың ауылдық аймақтарында тұратын барлық азаматтарға тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету дегенді білдіреді. Сонымен қатар, табысты және еңбекақы төленетін жұмысқа қолжетімділік, қоғамдық-пайдалы қызметтің кез келген саласында кәсіп таңдау құқығын тану; жұмыспен қамтудағы қатаң шектеулерді қысқарту сияқты бөгделерді жоюдың негізінде ғана, салалық экономикаға яғни агроөнеркәсіп кешенін дамыту жолында айтарлықтай серпіліс байқалатын болады [1].

Дамыған мемлекеттердің тәжірбиесіне сүйенсек, жұмыспен қамту саясатын орталықтандырумен түсіндіреді. Осының арқасында жұмыспен қамту саясаты аймақтық

жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді. Ауылдық тұрғындырды жұмыспен қамту саясаты икемді және динамикалық сипатта болуы керек. Себебі, бұл процесс салааралық және аймақаралық бағыттарда жұмыстық күшті қайта бөлуді белсендетеді. Жұмыспен қамту саясатын орталықтандыру, оны тікелей және горизонталь бойынша жүзеге асыруды қарастырады: макродеңгей және микродеңгей (ауылшаруашылық кәсіпорындар), макродеңгей – аймақтар, аймақтық деңгей – ауылдық еңбек нарығы, әйелдердің және барлық сатыдағы жастардың еңбек нарығы.

Аграрлық салада еңбек нарығын қалыптастыру туралы зерттеулер көрсетіп отырғандай, табысты жұмыспен қамту және ауылдық жұмыссыздықтың өсімін алдын алу, тек бірқатар шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Табысты жұмыспен қамту және ауылдық жұмыссыздық өсімін алдын алуды бекіту бойынша аграрлық еңбек нарығындағы саясат келесіні мақсат етіп қояды:

- ауылдың еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, экономикалық белсенді тұрғындардың санын өсіру, ауылдық тұрғындардың табысты және тұрақты жұмыспен қамтылуына қол жеткізу;
- АӨК-де жұмыс күшінің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін көтеру;
- аграрлық еңбек нарығында жұмыс күшінің сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкестігіне қолжеткізу;
- жұмысқа орналасумен қиындық көріп жүрген және жұмыссыз қалған ауылдық тұрғындар топтарын қорғау және көмектесу;
- жұмыспен қамту туралы жеке агенттіктер желілері арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту;
- ішкі еңбек нарығын қорғау жүйесін жетілдіру;
- ауылдық тұрғындарды заңсыз жұмыспен қамтудың алдын алу бойынша ісшараларды жүзеге асыру;
- біліктілігін көтеру, қайта оқыту және оқыту жүйелерін жетілдіру жолдары арқылы АӨК-де кадрлық әлеуетті дамыту;
- еңбек миграциясын реттеу жолы арқылы ауылдық еңбек ресурстарының мобильділігін қамтамасыз ету;
- ауылдық тұрғындарды жұмыспен қамту саласын жаңа заңнамаларды жетілдіру;
- мәжбүрлі жұмыссыздықтан әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ету;
- жұмыспен қамту туралы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруда жұмыс берушілердің өкілдерін, ауылдық жұмыскерлер мен қоғамдық ұйымдардың қатысуын қамтамасыз ету;
- ауылдық тұрғындарды жұмыспен қамту мәселелері бойынша территориялық органдардың құрылымдарын жетілдіру. Еңбек нарығының маңызды элементі ретінде ауылдық тұрғындардың табысты жұмыспен қамту, АӨК-дегі еңбек нарығын икемді әлеуметтік-экономикалық модельін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Менің ойымша аталған модельдің айтарлықтай сипаттамасы болып:
- аграрлық сектордың оптималды құрылымына және позитивті экономикалық даму тенденцияларына сәйкес келетін, ауылдық тұрғындарды жұмыспен қамтудың динамикалық, рационалды құрылымы;
- ауылдық жұмысшылардың өзіндік мүдделері мен ауыл шаруашылық өндірісіндегі қажеттіліктерді ескеретін жұмыспен қамту формаларының әртүрлілігі және икемділігі;
- жұмысшы күшінің құнының теңділігін бекіту негізінде, оның шынайы құнына сәйкес келетін, ауылдық жерлердегі жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың нарықтық тепе-теңдігі;
- ауылдық жерлерде миграциялық және демографиялық процестерді реттеу, еңбек ресурстарын қайта бөлу, профессионалды-квалификациялығына байланысты бөлу және рационалды территориялық салалық бөлудің негізінде жұмысшы күшін немесе жұмыс орнын теңестіру;

- еңбек ақы төлеудің тиімді жүйесі;
- өзін-өзі жасаудың алдыңғы саласында және лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етудің құралы ретінде қарастыратын ағарарлық еңбекті іс жүзінде экономикалық және әлеуметтік жағынан мотивациялау.

Аталған модель, нарықтық механизмдермен бірге, мемлекеттің нақты реттейтін функцияларына негізделеді. Бұл модельде ауылдық еңбек ресурстарын ауыстыру және пайдалану процестерін болжамдау және жоспарлау жүйесіне негізделген әлеуметтік бағыттылық бар.

Ауылдық тұрғындардың жұмыспен қамту саясатын оңтайландыру ағарарлық сектордағы салаларды анықтау үшін ғылыми негізделген мақсатты бағдарламаларға арқа сүйеу қажет; АӨК экономикалық дамытудың басым бағыттарын қаржылық-несиелік және салықтық жағынан қолдау; ауыл шаруашылығындағы өндірісті дамытуды ынталандыру; шетел инвестициялары үшін қолайлы жағдайлар жасау, соның ішінде ауылшаруашылығындағы өнімдерді өндіретін өндірістік салаға аса көңіл бөлген жөн. Бірақ, жұмыспен қамтуды рационализациялау – инвестициялық мүмкіндіктердің деңгейімен, нарықтық қатынастар мен нарықтық институттардың кемелденгендігімен, АӨК еңбек әлеуетін пайдалануда экономикалық мүдделердің басымдылығымен ағарарлық еңбек нарығын дамытуды шектейді [2].

Менің ойымша, ауылдық, аймақтық немесе облыстық тұрғындардың жұмыспен қамту және олардың еңбек нарығын реттеу механизміне барлық құқықтық, әлеуметтік, экономикалық және психологиялық факторлар енгізілуі тиіс.

АӨК-де еңбек нарығын реттеу бойынша шараларды екі топқа бөлуге болады:

- институционалдық орта мен әртүрлі өндірістік объектілерді дамыту және құру, нарықтық жағдайларды активизациялау, аймақтарды тұрақты дамыту процесіне қосылуы мүмкін болатын ағарарлық сектордың, бірінші кезекте еңбек, мүліктік және ресурстық әлеуетті тиімді пайдалану үшін қажетті жағдайларды жүзеге асыру;
- ауылдық жерлерде әлеуметтік саланы басымдылықпен дамыту. Оның бағыты бастапқы білім беру мен денсаулық сақтау, азық-түлікпен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау сияқты шаралар ауыл тұрғындарының кедей бөлігіне қарай бағытталған.

Осындай жағдайда шаралардың бірінші тобына айтарлықтай назар аударған дұрыс. Ауылдарда, аудандарда жұмыс орындары мен жұмыспен қамту деңгейін көтеру, бос өндірістік қуаттарды, реконструкциялауды, қайта құрылымдауды, кіші және орта кәсіпкерліктің жаңа өндірістік объектілерін құру кезінде пайдалануды ынталандыру, соның есебінен тұрғындардың кірістерін өсіруге бағытталған экономикалық саясат жүргізу қажет.

Реттеудің ынталандырушы механизмі ауылдық жерлерде заманауи өндірістік инфрақұрылымдарды дамыту (жол желілері, транспорттық объектілер, энергетика, су шаруашылығы, байланыс және коммуникациялар, олардың негізінде электро-газ және сумен жабдықтауды жақсарту) және осы салаға сәйкес ұзақмерзімді инвестициялық саясатты іске асыру.

Реттеудің механизмін жетілдіруді аудандардың облыстардың әкімшілігімен және аудандардағы жұмыспен қамту департаменттерімен өзара әркеттесу арқылы жүзеге асыру қажет. Жұмысшы күшіне сұраныс пен ұсыныстың теңділігіне қол жеткізу мен ағарарлық еңбек нарығын реттеудегі кешенді шараларды тиімді жүзеге асыру мақсатында ауылдық тұрғындарды жұмыспен қамтудың кешенді бағдарламасын әзірлеу маңызды.

Ауылдық тұрғындарды жұмыспен қамтудың кешенді бағдарламасы:

- ауылдық жұмысшыларды облысаралық, облыстық және аудандық деңгейде ішкі салалық еңбек нарығына ауыстыруды, көшіп келгендерді орналастыруға жәрдемдесуді;
- ауылдық жерлерде толық емес жұмыс күнінің, стандарттық емес жұмыс режимінің, жұмыспен қамтудың икемді формаларын ынталандыруды;
- ауыл жұмысшыларын бәсекеге қабілеттілігін өсіруді, қосымша кәсіптер мен жаңа мамандықтарды игеруді;

- әйелдерге, жастарға және басқа да әлеуметтік әлсіз топтарға қосымша жұмыс орындарын жасайтын ауылшаруашылық кәсіпорындарды экономикалық ынталандыруды;
- аймақта (облыста) АӨК түрлі саласын дамытудағы болжамдалған басымдықтарға сәйкес қосымша жұмыс орындарын құруды;
- ауылшаруашылығында және басқа да салаларда білікті мамандарды қалыптастыруды қарастырады.

Ауыл шаруашылығы секторында еңбек нарығын реттеудің негізі механизмдеріне біз мемлекетте қабылданып жатқан көптеген мемлекеттік бағдарламаларды айта аламыз.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясында қалыптасқан көзқарасты түбегейлі өзгертудің керек екенін баса айтқан болатын. Ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту алға қойылған. Соның негізінде «Агробизнес – 2020» бағдарламасы жасалды. Ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту – индустриалды-инновациялық технологияларды кең көлемде игеру деген сөз. Бүгінгі таңда ауылшаруашылығы өнімдерінің 70 пайыздан астамын ауылтұрғындары мен шағын шаруа қожалықтары беріп отыр. Біз қазір Кедендік одаққа мүшесіміз, енді Еуразиялық экономикалық кеңістікте өз орнымызды белгілеп алдық. Көп өтпей ДСҰ-ға енеміз. Бәсекелестік арта түседі. Шынымызды айтсақ, Қазақстандағы аграрлық сала бәсекеге қауқарсыз. Бәсекеге қабілетті болу үшін макро экономикалық ортаны қалыптастыру қажет. Макроэкономиканы дамытатын білікті мамандар қажет. Ендігі кезде, белсенді түрде дамып жатқан интеграциялық процестер, көп ұзамай өзінің жағымды және жағымсыз жақтарын көрсете бастайды. Қазақстанда кейінгі уақыттарда жүріп жатқан интеграциялар - отандық компаниялар үшін, кәсіпкерлер үшін жаңа нарықтарды игеруге септігін тигізетін аса ауқымды әрі көреген қадам [3].

Аймақаралық интеграция – бәсекелестік ұлғайған сайын, жұмысшылардың біліктілігі мен білімі де бәсекеге түседі. Жақында үш мемлекет қол қойған, Еуразиялық экономикалық одақ – агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына үлкен серпін әкеледі, себебі нарық кеңейе түседі. 17 миллион Қазақстан халқы мен 170 миллиондық Еуразиялық экономикалық кеңістік нарығы. Бұл елеулі ауқым. Екіншіден, сауда және бизнестің еркін көсілуіне бөгет жасайтын түрлі тарифтік және тарифтік емес әкімшілік кедергілер алынып тасталады, қосылған құн салығы, кедендік төлемдер, құжаттардың санын азайту сынды игі шаралар жасалады. Осының барлығы топтаса келе, біздің ауыл шаруашылық өнімдеріміздің өтімділігін арттырады. Бәсекелестік ортаның дамуы, өз кезегінде, тауарларымыздың сапасына және өндіріс көлемінің артуына тікелей әсер ететін болады. Сонымен қатар, жұмысшы күшінің айналымы жедел дамитын болады. Сондықтан өзіміздің аграрлық саладағы еңбек нарығын қорғау мақсатында және ауылдық жерлердегі тұрғындар жұмыссыз қалмауы үшін, ең бастысы білікті кадрлар дайындау көзделіп отыр.

Осыған орай, агроөнеркәсіп кешенінде еңбек нарығын реттеу механизмдерін жетілдірудің жолдары түрлі болғанымен, ең бастысы еңбек ресурстары сапалы, ауыл шаруашылығында қажетті болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Аграрная экономика – Алматы, 2012 – С.40
- 2 Расулов М.Р., Кенешбаев Б.Ж. Инвестициялардың ауыл шаруашылығын дамытудағы рөлі // Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы – 2008.- №2 – 145 б.
- 3 <http://business.gov.kz/>

УДК 341.1/8

ЕВРАЗИЙСКАЯ И ЕВРОПЕЙСКАЯ КОНЦЕПЦИИ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

Сейсекеева Гульнур Калибековна
gulnur_kz@mail.ru